

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 325 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қарашада № 4252 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 05.02.2020 № 29 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шардара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 81 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4019 тіркелген, 2017 жылғы 14 сәуірде "Шартарап-Шарайна" газетінде және 2017 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Шомпивке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
	республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
4546	3765	781

Ата-ана төлемақысының мөлшері

Барлығы :	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	398,5	597,2

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.